

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қаржы орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 12 қазан N 1523.

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында кадрлар даярлауды несиелендіру жөніндегі банк операцияларын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қаржы орталығы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Қаржы орталығы) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:

1) Қаржы орталығының жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындастын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қаржы орталығын 2000 жылы қаржыландыру Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне 2000 жылға арналған республикалық бюджетте 9 "Жоғары оқу орындарында республикалық деңгейде кадрлар даярлау" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 2001 жылдан бастап Қаржы орталығын ұстауға арналған шығыстарды республикалық бюджеттің тиісті бағдарламасы бойынша көздесін.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1111 қаулысымен .

2) "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 желтоқсандағы N 1872 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 53, 530-құжат):

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

IV "Шығыстар" бөлімінде:

4 "Білім беру" функциялдық тобында:

6 "Жоғары білім" кіші функциясында:

"225 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" мемлекеттік әкімшісінде:

9 "Жоғары оқу орындарында республикалық деңгейде кадрлар даярлау" бағдарламасында:

мынадай мазмұндағы 38-кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"38 Қаржы орталығы 2064";

97 "Банк-агентке несиелендіру процесіне қызмет көрсеткені үшін комиссиялық сыйақы (мұдде) төлеу" кіші бағдарламасындағы "2200" деген сан "136" деген санмен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 3-қосымшада:

IV "Шығыстар" бөлімінде:

4 "Білім беру" функционалдық тобында:

6 "Жоғары білім" кіші функциясында:

"225 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" мемлекеттік әкімшісінде:

9 "Жоғары оқу орындарында республикалық деңгейде кадрлар даярлау" бағдарламасында:

мынадай мазмұндағы 38-кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"38 Қаржы орталығы Ұстау";

3) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысымен .

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604; 2004.10.28. N 1111 қаулыларымен.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК